

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 306 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар отын-энергетика кешені саласындағы жұмыстарды берушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулыға қосымшада көрсетілген заңды тұлғалармен жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды;

осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы әрі тиімді жұмсау қағидатының сақталуын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С Есімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 5 сәуірдегі
N 306 қаулысына

қосымша

**Сатып алудың маңызды стратегиялық
мәні бар отын-энергетика кешені саласындағы
жұмыстар беруші заңды тұлғалардың тізбесі**

P / c N	Жұмыс берушінің атауы	Жұмыс берушінің орналасқан жері	Жұмыстардың атауы
1.			2005 жылға арналған 023 "Арнайы бақылау станциялары тіркеген ядролық жарылыстар мен жер сілкіністері-нің тарихи сейсмограммаларының электронды мұрағатын жасау" республикалық бюджеттік

	"Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы	бағдарламасына сәйкес іс-шаралар орындау
2.	"Қарағандышахтатарту" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Қарағанды қаласы	2005 жылға арналған 009 "Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын жабу" республикалық бюджеттік бағдарламасына сәйкес іс-шаралар орындау
3.	"Уранкеніштарату" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Көкшетау қаласы	2005 жылға арналған 008 "Уран кеніштерін консервациялау және тарату, техногендік қалдықтарды көму" республикалық бюджеттік бағдарламасына сәйкес іс-шаралар орындау
4.	"Волковгеология" ашық акционерлік қоғамы	Алматы қаласы	2005 жылға арналған 011 "Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық ахуалды зерделеу" республикалық бюджеттік бағдарламасына сәйкес іс-шаралар орындау

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК